

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндеге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылымды индустриясы тауарларын растау туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 28 мамырдағы № 618 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 шілдеде № 11611 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 299 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.05.2019 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына иморттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндеге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылымды индустриясы тауарларын растау туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. "Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына имортталатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургиялық, химиялық, фармацевтикалық, ағаш өндейтін өнеркәсіп саласында, сонымен қатар машина жасау және құрылымды индустриясы саласында өнеркәсіптік қайта өндеге арналған тауарларға жатқызууды растайтын қорытындыны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 2 маусымдағы № 196 бұйрығының (нормативтік құқтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9569 болып

тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 7 шілде және "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылы 19 ақпанда № 33 (27909) ресми жарияланған бұйрықтың күші жойылды деп танылсың.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов) заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларының орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

A. Pay

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылты 28 мамырдағы
№ 318 бұйрығымен бекітілген

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды женіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндіреуге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылыш индустриясы тауарларын раставу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілgetіn

қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндіреуге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылым индустриясы тауарларын растау туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші - көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 568 бұйрығымен бекітілген Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына иморттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндіреуге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылым индустриясы тауарларын растау туралы қорытынды беру болып табылады.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылды тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негізделеме 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 568 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 11474 болып тіркелген) "Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы аумағына имортталатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургиялық, химиялық, фармацевтикалық, ағаш өндіртін өнеркәсіп саласында, сонымен қатар машина жасау және құрылым индустриясы саласында өнеркәсіптік қайта өндіреуге арналған тауарларға жатқызууды растайтын қорытындыны беру" мемлекеттік көрсетілетін стандарттын бекіту түралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 9-тармағына сәйкес өтініштің немесе қызметті алушының электрондық сұрауының болуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушылардан портал арқылы не қағаз тасығышта келіп түскен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға арналған сұрату түскеннен кейін бір сағаттың ішінде қабылдауы және тіркеуі;

2) өтінішті қарауға көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерімен отыз минуттың ішінде портал арқылы өңдеуі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына жіберуі;

3) көрсетілетін қызметті беруші басшысының төрт сағат ішінде құжаттың мазмұнымен танысуы және жауапты құрылымдық бөлімшені таңдауы;

4) құрылымдық бөлімше басшысының бір сағаттың ішінде жауапты орындаушыны анықтауы;

5) орындаушының стандарттың 9-тармағында көрсетілген тізбеке сәйкес сұратуға қоса берілген құжаттардың толықтығын және олардың қойылған талаптарға сәйкестігі тұрғысынан күнтізбелік он төрт күннен аспайтын мерзімде қарауы;

Сәйкес болған жағдайда бір күн ішінде мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді дайындау және Басқарма басшысына қарауға беруі;

Сәйкес болмаған жағдайда бір жұмыс күн ішінде ұсынған құжаттарды пысықтау қажеттілігі туралы дәлелді дайындауы және беруі;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Басқарма басшысы бір күнің ішінде келісу;

Көрсетілетін қызметті беруші басшысына мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне бір күн ішінде қол қоюы.

6. Мынадай рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижелері:

1) мемлекеттік көрсетілген қызметті көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызмет алушының ұсынған құжаттарды көрсетілетін қызмет берушінің кеңесінде тіркеуі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына тапсыруы;

2) Басқарма басшысының қарауы үшін көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) орындаушы қарау үшін Басқарма басшысының бұрыштамасы;

4) орындаушының құжатты дайындау және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысына қол қою үшін беру;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қорытындыны беру.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің тізбесі) қатысатын:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;
- 3) Құралымдық бөләмше басшысы;
- 4) жаупты орындаушы.

8. Құрылымдық бөлімшелер арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті тіркеу нөмірін беру және күнін көрсете отырып тіркейді, содан соң өндеп порталға жіберіледі және бір сағаттың ішінде көрсетілетін қызметті берушісінің басшысына беріледі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір сағаттың ішінде жаупты құрылымдық бөлімшені анықтайды;

3) құрылымдық бөлімшенің басшысы бір сағат ішінде жаупты орындаушины анықтайды және өтініш қарастыруға береді;

- 4) жаупты тұлға:

өтінішті жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын;

күнтізбелік он төрт күн ішінде ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығын қарастырады;

5) бір сағаттың ішінде құрылымдық бөлімше басшысымен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін келісу;

6) көрсетілетін қызметті беруші басшысының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қоюы және оны бір сағаттың ішінде көрсетілетін қызметті алушыға порталға жіберу;

көрсетілетін қызметті алушы қағаз тасығышта қорытынды алу үшін жүгінетін жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды нысанада рәсімделеді, басылып шығарылады және көрсетілетін қызмет беруші басшысының қолымен күәландырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) өзара әрекеті осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес бизнес-процестерді көрсету анықтамасында көрсетіледі.


4. Басқа көрсетілетін қызметті берушілердің өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

10. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамауы:

1) Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері жүйеілігінің сипаттауы веб-портал арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсеткен кездегі функционалдық өзара іс-қимылды осы Регламентке 2-қосымшадағы № 1, 2 Диаграммаларда берілген.

"Кеден одағына мұше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды женіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндіре өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндіреуге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылым индустриясы тауарларын раставу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Қызметкерлер рәсімдерінің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы



- мемлекеттің басталуы әлде аяқталуы



- көрсетілетін қызметті беруші ресімі (іс-қимылы);



- таңдау нұсқасы;




- келесі ресімге (іс-қимылға) өту.


"Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, агаш өндіреу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өндіріске арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылым индустриясы

тауарларын растау туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы № 1



Көрсетілетін қызметті алушы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы № 2



Белгілеу шарттары:

- | | | | | | |
|--|-----------------------|--|--------------------|--|-----------------|
| | Электрондық қорытынды | | Кателік | | Ақпараттық жүйе |
| | Хабарламалар ағыны | | Соңғы хабарлама | | |
| | Баскомуникация | | Бастапқы хабарлама | | |
| | Шарт | | Оң нәтиже | | |
| | Процесс | | Сәйкессіздік | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК